

**Алматы қаласы қоғамдық денсаулық басқармасының
ШЖҚ "Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы" КМК-ның
медициналық қызметкерінің этикалық кодексі**

1. Жалпы ережелер

1 Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының . ШЖҚ "Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы" КМК (бұдан әрі – БҚКЖАА) медициналық қызметкерінің Этикалық кодексі – қызметтік міндеттерін орындау барысында медициналық қызметкерлер басшылыққа алуға ұсынылатын этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелерінің жиынтығы болып табылады.

2. Медициналық қызметкердің Этикалық кодексі – кәсіби мінез-құлықты реттейтін негізгі құжат болып табылады және ол қудалау, қысым көрсету мен зорлық-зомбылық сияқты мәселелерді де қамтиды.

3. Кодексте медицина қызметкерлерінің жоғары моральдық және этикалық стандарттарды сақтау, пациенттердің, әріптестердің және медициналық үдеріс қатысушыларының құқықтарын құрметтеу жөніндегі міндеттері көрсетілген.

4. Мұндай жағдайлар Кодексте жол берілмейтін әрекеттер ретінде қарастырылып, медицина қызметкерлерінен ондай құбылыстарға белсенді түрде қарсы тұруды, сонымен қатар адалдық, құрмет пен кәсібилік қағидаттарын сақтауды талап етеді.

5. Аталған Этикалық кодекстің ережелері БҚКЖАА-ның барлық медициналық қызметкерлеріне қолданылады.

2. Медициналық қызметкер және қоғам

6. Медициналық қызметкердің кәсіби қызметінің басты мақсаты – адамның өмірін сақтау, аурулардың алдын алу және денсаулығын қалпына келтіру, сондай-ақ жазылмайтын дерттер кезінде азапты жеңілдету. Өз міндеттерін медициналық қызметкер гуманизм және мейірімділік қағидаттарына сүйене отырып орындайды.

7. Медициналық қызметкер өз шешімдері мен әрекеттері үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады, сондықтан ол үнемі кәсіби тұрғыда дамып отыруға міндетті.

8. Өз қызметінде медициналық қызметкер өзіне белгілі және қолдануға рұқсат етілген медицина ғылымының соңғы жетістіктерін қолдануға тиіс.

9. Материалдық немесе жеке пайда көздейтін уәждер медициналық қызметкердің кәсіби шешімдеріне әсер етпеуі керек.

10. Медициналық қызметкер дәрілік заттарды тағайындағаны үшін өндіруші немесе таратушы фирмалардан қандай да бір сыйақы алуға жол бермеуі тиіс.

11. Медициналық қызметкер дәрі-дәрмек тағайындау кезінде тек қана медициналық көрсеткіштер мен науқастың мүддесін басшылыққа алуы тиіс.

12. Медициналық қызметкер жасы, жынысы, нәсілі, ұлты, діні, әлеуметтік жағдайы, саяси көзқарасы, азаматтығы және басқа да медициналық емес факторларына, соның ішінде материалдық жағдайына қарамастан, көмекке мұқтаж кез келген адамға медициналық көмек көрсетуі тиіс.

13. Медициналық қызметкер жұмыс істейтін ұйым алдындағы міндеттемелерін адал орындауы тиіс.

14. Студенттер мен жас мамандарды оқытатын медициналық қызметкерлер өздерінің мінез-құлқы және кәсіби міндеттеріне деген жауапкершілігі арқылы үлгі болуы керек.

15. Медициналық қызметкер өзіне қолжетімді құралдармен (баспа басылымдары, теледидар және радио хабарлары, интернет, әңгімелер және т.б.) салауатты өмір салтын насихаттап, қоғамдық және кәсіби этикалық нормаларды сақтауда үлгі болуға тиіс.

16. Медициналық қызметкер кәсіби тәуелсіздігіне қайшы келмейтін, абыройына нұқсан келтірмейтін және пациенттерге не кәсіби қызметіне зиян тигізбейтін басқа қызметпен де айналыса алады.

17. Медициналық қызметкердің жеке медициналық практикамен айналысу құқығы заңмен реттеледі.

18. Медициналық қызметкер қызмет ететін гуманистік мақсаттар оның жеке қадір-қасиетін заңмен қорғауға, лайықты материалдық қамтамасыз етуге және кәсіби қызметін жүзеге асыруға жағдай жасауға негіз береді.

19. Ұйымдастырылған наразылық акцияларына қатысқан жағдайда да медициналық қызметкер өз бақылауындағы пациенттерге қажетті медициналық көмекті көрсету міндетінен босатылмайды.

20. Медициналық этиканың сақталуын бақылауды медициналық қызметкердің тікелей басшылары жүзеге асырады.

3. Медициналық қызметкер және науқас

21. Медициналық қызметкер науқастарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасына жауапты. Өз жұмысында ол Қазақстан Республикасының заңдарына, қолданыстағы нормативтік құжаттарға (медициналық стандарттарға) негізделуі тиіс, бірақ осы нұсқаулар шеңберінде әрбір нақты жағдайда науқастың мүддесін басшылыққа алып, аурудың ерекшеліктерін ескере отырып, ең тиімді профилактика, диагностика және емдеу әдістерін таңдайды. Қажет болған жағдайда медициналық қызметкер өз әріптестерінің көмегіне жүгінуі тиіс.

22. Медициналық қызметкер көрсететін көмектің сапасы ең жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етуі тиіс.

23. Медициналық қызметкер науқасты негізсіз тәуекелге ұшыратпауы керек, одан әрі, өз білімдерін адамгершілікке жатпайтын мақсаттарда пайдалануға болмайды. Емдеу әдісін таңдағанда медициналық қызметкер ең алдымен «Зиян тигізбе!» қағидатын ұстануы тиіс.

24. Төтенше көмек көрсету жағдайларын қоспағанда, медициналық қызметкер емдеуден бас тартуға құқылы, егер ол мен науқас арасында қажетті сенімділік жоқ деп санаса, егер ол өз кәсіби біліктілігін жеткіліксіз деп есептесе немесе емдеуді жүргізуге қажетті мүмкіндіктері болмаса. Мұндай жағдайларда медициналық қызметкер тиісті жетекшіні хабардар етіп, науқасқа білікті маманды ұсынуға тиіс.

25. Медициналық қызметкер науқастың емдеуші дәрігерін, емдеу мекемесін және емдеу шаралары туралы шешім қабылдауға қатысу құқығын құрметтеуі тиіс. Науқастың емдеуге келісімі, әдетте, онымен жеке әңгімелесу барысында алынуы керек. Бұл келісім саналы түрде болуы тиіс, науқас емдеу әдістері туралы, олардың қолданылуының ықтимал салдары туралы, соның ішінде ықтимал асқынулар мен басқа емдеу әдістері туралы хабардар етілуі керек. Емдеу-диагностикалық шараларды науқастың келісімінсіз жүргізуге тек өміріне және денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда ғана рұқсат етіледі және бұл жағдайда шешімді мүмкіндігінше топ болып қабылдау қажет. Психикалық ауруы бар тұлғаларды емдеу кезінде медициналық қызметкер Қазақстан Республикасының психиатриялық көмек көрсету туралы заңнамасын және оның құқықтарын сақтауы тиіс. Балаларды емдеу кезінде медициналық қызметкер ата-аналарына немесе қамқоршыларына емдеудің немесе дәрі-дәрмектердің қолданылуы туралы толық ақпарат беруі тиіс және олардан осы шаралармен келісім алуы керек.

26. Медициналық қызметкер науқастың ар-намысын және қадір-қасиетін құрметтеуі, оған мейірімділікпен қарауы, оның жеке құпиясына қатысты құқықтарын сыйлауы, науқастың хал-ахуалына алаңдаған туыстары мен жақындарын түсіністікпен қабылдауы тиіс, бірақ, сонымен қатар, ол пациенттің және оның отбасы мүшелерінің жеке өміріне кәсіби себептерсіз араласпауы керек.

27. Медициналық қызметкер науқасқа өз философиялық, діни және саяси көзқарастарын тықпалауға құқылы емес. Дәрігердің жеке алдын ала пікірлері мен басқа да кәсіби емес себептер диагностика мен емдеуге әсер етпеуі тиіс.

28. Егер науқас өзінің келісімін саналы түрде білдіре алмаса, оның орнына заңды өкіл немесе науқасқа тұрақты қамқорлық көрсететін тұлға келісімін білдіруі тиіс.

29. Пациент өз денсаулығының жай-күйі туралы толық ақпарат алуға құқылы, бірақ ол бұл ақпараттан бас тартуға немесе оны басқа тұлғаға айтуға рұқсат бере алады. Егер пациентке хабарлаған ақпарат оның жағдайына үлкен зиян келтіруі мүмкін деп күдіктенсе, бұл ақпаратты жасыруға болады. Дегенмен, пациенттің айқын талап етуі бойынша медициналық қызметкер оған толық ақпарат беруі тиіс. Науқастың болашақта жағдайының нашарлауы туралы болжам болған жағдайда, оған бұл туралы барынша нәзік және абайлап, өмірін ұзарту немесе қолайлы нәтиже күту үмітін сақтай отырып хабарлау керек.

30. Пациенттің қалауы бойынша, медициналық қызметкер оған басқа дәрігерден кеңес алу құқығын жүзеге асыруға кедергі келтірмеуі тиіс.

31. Медициналық қызметкерге физикалық, психологиялық немесе сексуалды зорлық-зомбылық көрсету және қандай да бір қудалаушылық жасау қатаң тыйым салынады. Медициналық қызметкерлер науқастарға қызмет көрсету және жұмыс істейтін қауіпсіз әрі этикалық шарттарды қамтамасыз ету ережелерін сақтауы тиіс.

32. Медициналық қызметкерлер науқастарды зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғауы тиіс, соның ішінде отбасылық зорлық-зомбылықтан. Бұл зорлық-

зомбылық белгілерін анықтауға көмек көрсету және осындай жағдайларды тиісті органдарға хабарлау шараларын қамтуы мүмкін.

33. Этикалық принциптердің бұзылуы, соның ішінде қудалаушылық немесе зорлық-зомбылық жағдайлары үшін тәртіптік шаралар қарастырылған, кәсіби құқықтардан айыруға дейінгі жазалар қолданылады.

34. Медициналық қызметкер науқаспен жұмыс істеуден бас тартуға құқылы, егер:

- оның кәсіби біліктілігі жеткіліксіз болса немесе қажетті техникалық мүмкіндіктері болмаса;

- көрсетілетін медициналық көмек дәрігердің моральдық принциптеріне қайшы болса;

- дәрігер науқаспен терапевтік ынтымақтастық орната алмайтын жағдайда.

35. Медициналық қызметкердің науқаспен қарым-қатынас кезінде өз қызметін жарнамалауға тиым салынады.

36. Егер қателік жасалса немесе емдеу барысында күтпеген асқынулар орын алса, медициналық қызметкер осы туралы науқасты, тікелей жетекшісін хабардар етуі тиіс және зиянды нәтижелерді түзету бойынша дереу әрекет етуі тиіс.

37. Медициналық қызметкер өз кәсіби міндеттерін тек өз атымен орындауы тиіс, лақап ат қолданбауы және ресми түрде берілген лауазымдар, дәрежелер, атақтарды көрсетпеуі тиіс.

4. Медициналық қызметкерлердің әріптестік қарым-қатынасы

36. Медициналық қызметкер өмір бойы өзіне кәсібилікті үйреткен адамдарға құрметпен қарап, алғыс сезімін сақтауы тиіс.

37. Медициналық қызметкер медициналық қауымдастықтың абыройы мен асыл дәстүрлерін қорғауға міндетті. Медициналық қызметкерлер бір-біріне құрметпен және сыпайылықпен қарауы тиіс.

38. Медициналық қызметкер басқа медициналық қызметкердің кәсіби біліктілігін көпшілік алдында күмәнға салуға немесе оны басқа тәсілдермен қаралауға құқылы емес.

39. Қиын клиникалық жағдайларда тәжірибелі медициналық қызметкерлер жас әріптестеріне кеңес беріп, көмек көрсетуі тиіс. Алайда, емдеу процесі үшін толық жауапкершілікті тек емдеуші дәрігер көтереді және ол әріптестерінің ұсыныстарын қабылдау немесе қабылдамау құқығына ие, бұл ретте тек науқастың мүддесін басшылыққа алуы тиіс.

40. Медициналық қызметкерлер өзге медицина және қосалқы персоналға құрметпен қарап, олардың біліктілігін үздіксіз арттыруға қамқорлық жасауы тиіс.

5. Дәрігерлік құпия

41. Әрбір пациент өзінің жеке құпиясының сақталуына құқылы, және дәрігер, сондай-ақ медициналық көмек көрсетуге қатысатын басқа тұлғалар пациент қайтыс болғаннан кейін де дәрігерлік құпияны, сондай-ақ медициналық көмекке жүгінген фактісін сақтау міндетті, егер пациент өзгеше нұсқау бермесе.

42. Құпия науқастың қаралуы мен емделуі барысында алынған барлық ақпаратқа (диагноз, емдеу әдістері, болжам және т.б.) қатысты қолданылады.

44. Пациент туралы медициналық ақпарат келесі жағдайларда жария етілуі мүмкін:

- пациенттің нақты жазбаша келісімі бойынша;
- тергеу, анықтау, прокуратура немесе сот органдарының негізделген талабы бойынша;
- егер құпияны сақтау пациенттің немесе басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына айтарлықтай қауіп төндірсе (қауіпті жұқпалы аурулар);
- егер емдеуге басқа мамандар тартылса және бұл ақпарат оларға кәсіби тұрғыдан қажет болса.

45. Дәрігер науқасты емдеуге қатысатын тұлғалардың да дәрігерлік құпияны сақтауын қамтамасыз етуі тиіс.

46. Медициналық ақпаратқа қол жеткізу құқығы бар адамдар пациент туралы алған барлық мәліметтерді құпия сақтауға міндетті.

47. Ғылыми зерттеулер, студенттерді оқыту және дәрігерлердің біліктілігін арттыру барысында дәрігерлік құпия сақталуы тиіс. Науқасты көрсету тек оның келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Этикалық кодекстің қолданылу шектері, оны қайта қарау тәртібі және оны бұзғаны үшін жауапкершілік

48. Медициналық қызметкердің бірінші төрешісі — өз ар-ұжданы. Екінші — дәрігерлік қауымдастық, ол дәрігерлер қауымдастығының атынан бұзушылық жасаған тұлғаға өзінің жарғысы мен өзге де құжаттарына сәйкес жаза қолдануға құқылы.

49. Егер этикалық нормаларды бұзу бір мезгілде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін де бұзатын болса, медициналық қызметкер заңнамаға сәйкес жауапқа тартылады.

50. Медициналық қызметкер өзінің әрекеті (немесе әрекетсіздігі) ұжымда көпшілік талқылауға және қоғамдық айыптауға ұшырауы мүмкін екенін түсінуі тиіс.

51. Кодексті қайта қарау және оның ережелерін түсіндіру құқығы БҚКЖАА-тің Этикалық комиссиясына тиесілі.

52. Нақты жағдайларда Кодекстің жекелеген ережелері екіұшты түсіндіруге мүмкіндік беруі мүмкін. Мұндай жағдайда БҚКЖАА Этикалық комиссиясы өз ұстанымын комиссия отырысының шешімімен рәсімдейді және бұл түсіндіру Кодекске қосымша ретінде бекітілгеннен кейін күшіне енеді.